

## **"Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 тамыз N 868

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамы жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен " Қаржылық берешектермен жұмыс жөніндегі орталық" жабық акционерлік қоғамы ( бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні салық берешегінің есебіне салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін, сондай-ақ жекелеген негіздемелер бойынша мемлекет меншігіне түскен мүлікті сатуға байланысты іс-шараларды жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру үшін қажетті өзге де шараларды қабылдасын.

4. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қарашадағы N 1508 P011508\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті туралы (бұдан әрі - Комитет) ереже бекітілсін."

2) 3-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті туралы ережеде:

3-тармақтың төртінші абзацындағы "табылмайтын" деген сөз "табылатын" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бір ай мерзімде Үкіметтің бұрын қабылданған кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.